

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,
Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Institute, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,
Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkeпова K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryzshhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

FTAXP 17.01.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.15>

Б.Ж. ОМАРОВ 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: b_om777@mail.ru)

*«ПАНЧАТАНТРА», «КӘЛИЛА МЕН ДИМНА» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЫСАЛЫ: СЮЖЕТ ПЕН ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен қу» атты мысалының оқиға желісі мен «Панчатантра» және «Кәлила мен Димна» сюжеттерінің төркіндігін айқындауға арналған. Ежелгі үнді әдеби ескерткіші – «Панчатантрада» алғаш көрініс тауып, одан араб әлемінің әдеби жәдігерлігі – «Кәлила мен Димнаға» ауысып, Азия елдеріне тарап, оның ішінде Орталық Азияның сөз шеберлерінің шығармашылығына сіңген сюжеттің даму жолына талдау жасалады.

Автор шығыс аңыздарының негізінде бірнеше мысалдар мен дастандарды жырлап, әдебиетіміздің қазынасына қосқан Майлықожаның көне сюжеттен жаңа шығарма туындату шеберлігін танытуға ден қойған. Ақынның түпкі сюжетті пайдалана отырып, мысал түрінде жырлау барысында қандай көркемдік тәсілдер қолданғанына мән берілген. Қазақ топырағына бейімделген тәмсілдің түрлену ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сараланған.

Майлықожаның «Аңқау мен қу» мысалы арқылы ежелгі дәуірден жалғасып келе жатқан сюжеттің поэтикалық трансформациясын көрсетуге назар аударылды. Сондай-ақ шығарманың көркемдік деңгейі, кейіпкерлер тартысы, образдар жүйесі талдап-таразыланды.

Бұл еңбекте «Панчатантра» мен «Кәлила мен Димнадан» тамыр тартатын Майлықожа мысалы қазақ әдебиетінің тарихи байланыстары тереңде жатқанының көрінісі ретінде жан-жақты қарастырылды.

Түйін сөздер. Сюжет. Мысал. Кейіпкер. Тәмсіл. Жырлау. Әдеби жәдігерлік. Түрлену. Трансформация.

Кіріспе. Ұлт руханиятында өзіндік орын алатын Қаратау шайырлық мектебінің өкілі Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығыс аңыздарының желісімен жырлаған бірнеше шығармасы бар екені баршаға белгілі. Ол көне

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14869710 "Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: генезис, типология, поэтика" ғылыми жобасы аясында жазылды.

дәуірден жеткен және қара сөзбен жазылған белгілі бір сюжеттерді жаңаша жырлап, көркемдік деңгейі жоғары поэзиялық туындыларды қатарға қосты. Арғы заманның әпсаналарын қайта өңдеп, өзгеше сипат дарытып, ұлттық үрдіске бейімдеп, қазақ әдебиетінің құндылығына айналдырды. Бұл турасында ақын шығармаларын зерттеген ғалым Ә.Оспанұлы былай дейді: «Майлықожаның мысал-дастандарының – «Қасқыр», «Тотынама» «Аңқау мен қу», «Нақыл» деп аталатын төртеуі «Кәлила мен Димна» кітабынан да, үшеуі – Папор патша», «Патша мен ұры», «Үш жігіт» – араб халқының «Мың бір түн» ертегісінен алынған» [1, 116]. Сөз өнерінің шоқтығын биіктеткен осы қастерлі жәдігерліктердің ішінде Майлықожаның «Аңқау мен қу» атты мысалының жөні бөлек. Қысқаша желісіне тоқталып, саралап көрсек, мазмұндық-тақырыптық жағынан дәстүрлі шығыс тәмсілдерінен алабөтен айырмашылығы жоқ екенін аңғарамыз. Жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың, аңқаулық пен қулықтың арпалысы ақын туындысына арқау болған. Сол себепті де бұл мысал өлең «Аңқау мен қу» деп аталған. Екі адамның серіктесіп, іс бастауы, бұл шаруаның қаржы-қаражатқа байланысты болуы, әдепкідегі тату-тәтті қарым-қатынастың ақыры дау-дамайға ұласуы, ең соңында әлгі екеуінің қазыға жүгінуі, соның нәтижесінде біреуінің кінәлі боп шығуы турасында өрбитін әңгімелер желісі шығыс әдебиетінен көптеп табылады. Бірақ әр шығарманың дамуы мен кульминациясы әрқилы көрініс байқатады. Танымы-түсінігі мен қарым-қабілеті өзгеше Майлықожаның әйгілі әпсананы өз қалыбына салып, қайтадан жырлау тәсілі де ешкімге ұқсамайды. Мәтінге үңілгенде бірден көзге түсетін жайт – оның дәстүрлі пәлсапалық тұжырымдарға жүгінбей, мысал өлеңді бірден бастап кетуі:

Қу адам мекерлікті ойлап тұрар,
Бар еді белгілі бір жуан шынар.
Сол шынардың түбіне барды дағы,
Бір әмиан тілләні көмді бұлар.

Аңқау кетті бұл іске көңілі сеніп.
Сол шынардың түбіне кетті еніп.
Түн болған соң қу адам қулық жасап,
Жасырып алып кетті өзі келіп [2, 494].

Осылайша екі-ақ шумақпен түзілген шығарманың фабуласы оқиғаның одан әрі дамуына ықпал етеді. Біз бұл мақаламызда бағзы дәуірден қазіргі заманымызға жеткен сюжеттің қазақ топырағына сіңгенше қандай жолдан өткеніне, оқиға желісінің қаншалықты сақталып, қай тұсына өзгеріс енгізілгеніне тоқталамыз. Әлемге танымал әдеби ескерткіштердің баршаға белгілі сюжетінің Майлықожа мысалында қалай өрнектелгеніне, қандай көркемдік шешім тапқанына ден қойып, көне тәмсілді поэтикалық тұрғыдан түрлендірген ақынның шығармашылық шеберлігіне талдау жасаймыз.

Әдістеме мен зерттеу әдістері Біз осы зерттеу еңбегімізде тарихи-типологиялық және салыстырмалы талдау әдісін қолдандық. Өзіміз қарастырған үнді сюжеті тиектелген немесе құрақталған үлгідегі ауқымды шығармалардың бір бөлігі болғандықтан, осындай форматтағы әдеби ескерткіштердің көркемдік табиғатына тереңірек үңіліп, оқиғаның баяндалу тәсілін жіті зерделеуге тырыстық. «Панчатантраның» және «Кәлила мен Димнаның» бір-бірімен матаса байланысып жатқан шым-шытырық сюжеттерінің табиғатын түсіну үшін бұл туындылармен көптеген оқиғалық эпизодтары ұқсас «Шукасаптати» [3; 4], «Синдбад наме» [5], «Тотының әңгімелері» [6], «Түнгі жауһарлар» («Джавахар ал-асмар») [7], «Хитопадеша» [8], «Викрамидің өмірі немесе патша тағының 32 әңгімесі» [9], «Монахтар туралы отыз екі новелла» [10], «Веталаның жиырма бес әңгімесі» [11] секілді көне құндылықтарды қайта саралап шықтық. Салыстырмалы талдау ыңғайындағы әдістемені пайдалануымыз тиянақты тұжырым жасауымызға жол ашты.

Талқылау мен бақылау. Ежелгі үнді әдебиеті мен қазақ фольклорының және жазба әдебиеті үлгілерінің сабақтастығына ғылыми тұрғыдан алғаш рет С. Қасқабасов [12] назар аударып, бірқатар еңбектерінде арнайы атап өтті. Сонымен қатар бұл тақырыпты түркі-иран әдебиетімен байланыс тұрғысынан Б. Әбжет [13] жан-жақты қарастырды. Ал Майлықожа шығармашылығын үнді әдеби ескерткіштерімен салыстыра зерттеген ғалымдар көп емес. Ө.Оспанұлы [1], Қ. Ергөбек, С. Ергөбек [14], А. Жаппарқұлова [15] сынды зерттеушілер ғана жекелеген салмақты еңбектер жариялады.

Татар ғалымы Ф.Гилемшин «*Motives of Islamic Culture in Tatar Folk Tales*» мақаласында «Тотынамадағы» оқиғалардың түркі халықтарының фольклорында қайта көрініс беруін («оқиғалардың қайталануы») татар фольклорындағы әңгімелердегі исламдық мотивтермен салыстыра зерттесе [16], Өзбекстандық З.Ахмедова «*The Issue of the influence of "One Thousand and One Nights" on Turkic folklore*» атты мақаласында «Мың бір түн» мен түрік халықтары әдебиетіндегі сюжеттік ерекшеліктерге негіз болған оқиғаларды қазақ, қырғыз, өзбек, түрік тюрк. халықтары фольклоры тарихына кеңінен талдау жасайды [17].

Сонымен қатар, біз де ежелгі үнді әдеби құндылықтары сюжеттері мен қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау бағытында біршама ғылыми мақалалар жазып, ойтұжырымдарымызды ортаға салдық [18; 19; 20].

Жоғарыда аталған Майлықожаның «Аңқау мен қу» мысалына негіз болған «Кәлила мен Димнада» да екі көпестің хикаясы баяндалады. Кәлиланың Димнаға айтатын әңгімесінде атап көрсетілгендей, зұлым көпес пен аңқау көпес бірлесіп сауда-саттық жүргізеді. Бірде екеуі жол жүріп бара жатқанда сәл аялдап қалған аңқау көпес ақша толы әмиян тауып алады. Бұл эпизод

Майлықожаның шығармасында жоқ. Онда әмиянның қалай табылғаны мүлде айтылмайды. «Кәлила мен Димнада» әмиянның ішінен мың динар шықты деп көрсетілсе, «Аңқау мен құда» оның ішіндегі ақшаның мөлшері нақтыланбайды. Майлықожа мысалының алғашқы шумағында-ақ әмиян ағаштың түбіне көмілсе, Кәлиланың тәмсілінде әмиянды көлемін дегенше біраз тартыс өрбиді. Аңқау көпес әмиян тапқанын айтып, мың динарды тең бөліп алайық дейді. Залым көпес болса, ақшаны түгелдей өзі иеленіп кетуді ойлап, арнайы жоспар құрады. «Ешнәрсені де бөлмейміз. Екеуміз сауда-саттықты бірге жүргізіп әрі күн сайын өзара кеңесіп отырған жоқпыз ба? Бұл қаражат біздің ортақ игілігімізге айналсын. Бір-біріне қапысыз сеніп, бір-бірін қолдап жүретін адамдар осындай болмақ. Өзімізге қажетті азын-аулақ ақшаны мен де алайын, сен де ал. Қалғанын мына ағаштың түбіне апарып көмейік. Бұдан артық сенімді әрі елеусіз жер жоқ. Ал ақша керек болғанда, әрқайсымыз келеміз де, тиісті қаражатты аламыз, мұны екеумізден басқа тірі жан білмейді» дейді залым көпес серігіне [21, 122]. Сөйтіп, аңқау мен залым аз ғана ақша алып қалады да, әмиянды биік шынардың түбіне жасырады. Әрі қарайғы оқиғалар реті Майлықожа мысалында жалғасады. Негізі, ақын аңыздың бұл бөлігін жырлаған болуы да мүмкін. Бәлкім, кейінгі кезеңге үзілген бөлігі жеткен соң, солай қабылдап отырған болармыз. Қалай болғанда да шайыр шығармашылығын қағазға қаттаушылар мысалдың кіріспе бөлімін қолға түсіре қоймаған. Мәтінді қайта саралай отырып, мысал-толғаудың бастапқы бөлігі әдепкіде болған деген қорытындыға келеміз. Алғашқы шумақта «Қу адам мекерлікті ойлап тұрар, Бар еді белгілі бір жуан шынар» делінеді де, «Сол шынардың түбіне барды дағы, Бір әмиан тілләні көмді бұлар» деген мәлімет беріледі. Шығыс жұртына тараған аңыз-әпсанадан хабарсыз адам бастапқыда «бұлар дегені кімдер еді?» деп ешнәрсенің байыбына бармай қалуы кәдік. Ақын мысалындағы құдың қасында аңқау адамның бар екеніне екінші шумақта ғана көз жетеді. Мұның өзі мысалдың басында бірер шумақтың болғанына меңзейді.

Кәлила әңгімесінің кейіпкері – зұлым көпес түн ортасында ағаштың маңына келіп, ақшаны алып, топырақты тегістеп, ешкім байқамайтындай жып-жылмағай етіп кетеді. Бірнеше айдан кейін екінші көпес тауарға ақша төлемек болып, жолдасына келеді. Екеуі келісіп, ақша көмілген ағаштың түбіне жетіп, қазып көрсе, ештеңе таппайды. Зұлым көпес «сенен басқа бұл жерді ешкім білмейді, өзің алдың» деп, аңқау досына көпе-көрнеу жала жабады. Бұл көрініс Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен құ» атты мысалында былайша өрнектелген:

Аңқауға пұл керек боп бұл күндерде,
Тауысып болды өлшеулі алған зерді.
Серігіне келді де ақылсалды,
«Баралық, – деп, – теңгені көмген жерге».
Қу серігін ертеді, «барайық» деп,

«Көмген жерден теңгені алайық» деп,
Алдақашан қу алып кеткен пұлды,
Таба алмады ол жерді орнынан көп [2, 497].

Тегінде, Майлықожа Сұлтанқожаұлының осы мысалындағы сюжеттің төркіні «Кәлила мен Димнадан» да әріректегі, сол шығармаға түпнұсқа болған «Панчатантрада» жатыр. Пингалаканың қызметшілері – Каратаканың өзі сияқты Данамака деген шиебөріге айтатын әңгімесінде осы тақілеттес әпсана бар. Бірақ бұл хикая көпестердің емес, жақсылық іздеп жолға шыққан Дхармабуддхи және Душтабуддхи деген көпес балаларының төңірегінде өрбиді. Дхармабуддхи біреу қалдырып кеткен құмыраны тауып алса, ішінен мың динар шығыпты. Олар екеуі ақылдасып, мақсатымызға жеттік деп, кері қайтады. Мұндай эпизод басқа нұсқаларда кездеспейді. «Қала маңына келгенде Дхармабуддхи досына «Қымбаттым! Қаржының жартысы сенікі. Ақшаны ала ғой, үйге барғанымызда дос сүйініп, дұшпан күйініп қарасын» дейді. Сонда зұлымдық ойлап, қаржыны қымқырып, байлығын молайтуды көздеген Душтабуддхи: «Қадірлім! Бұл игілік екеумізге ортақ боп тұрғанда біздің сыйластығымызға селкеу түспейді. Сондықтан әрқайсысымыз жүз динардан алайық та, қалғанын мына ағаштың түбіне көміп, үйге қайтайық. Байлығымыз кемісе де, өссе де, ынтымағымызға сын болсын» дейді [22, 122].

Оқиғаның әрі қарай даму желісі былайша түрлі нұсқада жалғасады. «Панчатантрада» Дхармабуддхи мен Душтабуддхи қолдағы қаржысын жұмсап қойып, ағаш түбіне бірге келіп, тағы да жүз динардан алады. Олар бір жыл бойы сөйтіп келіп-кетіп жүреді. «Осылай шетінен ала берсек, ақшадан ақша қала ма?» деп күйінген Душтабуддхи қалған алты жүз динарды қазып алып, топырақты тегістеп қояды. «Панчатантрадағыдай» ағаш түбіне барып, қайта-қайта ақша алатын эпизод «Кәлила мен Димнада» және Майлықожаның «Аңқау мен қу» атты мысалында кездеспейді. Ағаш түбін қазып, ақшаны ұрлау «Панчатантрада» бір жылға жуық уақытта жүзеге асса, «Кәлила мен Димнаның» және «Аңқау мен құдың» кейіпкері сол түнде-ақ әмиянның ішіндегі ақшаны жоқ қылады. Ақшаның ұрланғаны «Панчатантрада» бір жылдан кейін, «Кәлила мен Димнада» бірнеше айдан соң белгілі болады. Ал «Аңқау мен құдағы» ақшаның қолды болған мерзімі «бір күндерде» деп түспалданады. Барлық нұсқаларда да ақшаны алып кеткен адам жазықсыз жанға жала жауып, тартыстың шоғын алдымен көсейді. «Панчатантрада» қаржыны түгел қымқырып үлгерген Душтабуддхи бір айдан соң Дхармабуддхиге келіп, қалған ақшаны бөліп алайық деп оны ағаш түбіне ертіп келеді. Ақшаның жоқ екенін көрген кезде «Брахманың жүрегі қайда кеткен? Дхармабуддхи, сенен басқа адам алған жоқ. Тездетіп жартысын маған бер. Әйтпесе патша сарайына шағымданамын» дейді. Бұл жерде «Брахманың жүрегі» (brahmahrdaya) деп ақшаның ауыспалы мағынасы алынып отыр [23, 351]. Дхармабуддхидің жазықсыз екенін айтып, жанұшырғанына қарамастан серігі оны сотқа сүйрейді.

Осы орайда Дхармабуддхи мен Душтабуддхи есімдерінің бекерден-бекер алынып отырмағанын еске салайық. «Панчатантраны» санскрит тілінен аударған А.Сыркин мынадай түсініктеме береді: «Дхармабуддхи (Dharmabuddhi) (жақсылық ойлаушы); Душтабуддхи (Dustabuddhi) (зұлымдық ойлаушы). Кейіпкерлердің есімі әңгіменің ғақлиялық сипатымен тұтасып кеткені соншалық, тіпті белгілі бір деңгейде адамның аты екені де естен шығып кетеді. Мәселен, әңгімені баяндау барысында Душтабуддхи есімінің орнына Папабуддхи (Parabuddhi) деген мүлде басқа есім қолданылады [23, 351]. Шынында да кейінірек сюжеттің финалындағы эпизодтар кезінде жағымсыз кейіпкердің аты өзгеріп сала береді. Кейіпкердің аты мен оның затын үйлестіру үрдісі «Панчатантраның» басқа да тұстарынан байқалып қалады.

«Кәлила мен Димнада» да ағаштың астынан ештеңе табылмаған соң зұлым көпес «Жалған достыққа сенім жоқ. Сен мені алдап, ақшаны түгел алып кеттің» деп аласұрады. Осы үш нұсқаның ішінде поэтикалық сипат алған өлең түріндегі қазақ мысалында бұл ахуал көркем бейнеленеді:

Аңқауға қу айтады «серік едің,
Сеніменен бұл зерді көріп едім.
Сенен бөтен бұл зерді жан алған жоқ,
Сен алыпсың, бұл зерді көріп едің».
«Алмадым» деп ант ішті аңқау тұрып,
Жағасынан қу адам буындрып.
Қазылардың алдына алып барды,
Жұдырықпен басына пұштап ұрып [1, 494].

Майлықожа мысалында адал адам момындау әрі әрекетсіздеу («Ол аңқаудың бәлеге басы қалды, Шарифатқа қу адам мұны салды»), зұлым көпес оспадарсыздау әрі озбырлау («Жағасынан буып ап ол аңқауды, Қазылардың алдына алып барды») кейіпте көрінеді. Ал қазылар өздерінің тәртіптерін түсіндіріп («Қазы айтты «сен алсаң, танба» деді, «Егер тансаң – түседі жанға» деді»), тиісті талаптарын қойып («Қу адамға айтады «сен сөйлегің, Қанеки, еш гуәһің бар ма?» деді»), ақиқатқа жеткенді жөн санайды. Айып тағушы қалайда өзін адал адам ретінде көрсетіп («Қу айтады «гуәһім менің жоқ-ты, Әділетпен сұрамақ сізге құпты»), ақылға сыймайтын қадамға барады («Жуан шынар түбіне көміп едік, Сұраса шынар айтар куәлікті»). Бұған қайран қалған қазылардың тосын ұсыныс білдірген қудың талабын құптауы сюжеттің желісін ширектіра түседі.

«Кәлила мен Димна» сюжетінің бұл тұсы да Майлықожа мысалының оқиғасынан ауытқи қоймайды. Соттағылар «куәң бар ма?» дегенде зұлым көпес ақша көмілген жердегі ағаштан төрелік сұрағанды қалайды. Майлықожа шығармасында қазы дарақ басына бір орынбасарымен бармақ болса, «Кәлила мен Димнада» айып тағушының сөзіне күмәнданып, көңіліне күдік алған қазы бір емес төрт куәгерді ағаш түбіне ертіп апаруға бұйрық береді. Ал бұл

шығарманың үнді нұсқасы саналатын «Панчатантрада» сюжеттің осы сәті сәл басқаша бейнеленеді. Егескен екеу сотқа жүгінгенде оларды тыңдаған қазылар мәселені құдай алдындағы төрелік жолымен шешпек болады. Сол кезде Папабуддхи (Душтабуддхи): «Бекерге олай істейсіздер. Бұл шешім дұрыс емес. «Жазбаша дәлел болмаса, куәгер іздеп көріңдер, Куәгерің де болмаса, Құдайдан сұрай беріңдер» деген жоқ па еді данышпан бабалар. Ал менің куәгерім бар. Ол орман құдайы. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін сол айтсын» дейді. Қазылар бұл ұсынысты мақұлдап, бір жағынан өздері де көруге асығып, ертеңгі күнді күтеді. Дауласушылардан кепілдік алып, үйлеріне қайтарады [22, 123].

Осы ретте қазылар ұсынған құдай алдындағы төрелік жайын түсіре кетелік. А. Сыркиннің анықтамасына жүгінсек, «ежелгі үнді заңдары бойынша, мұның екі түрі бар: 1) құдай бейнесі алдында атыздан алынған топырақты, алтынды, күмісті, күнжітті, дурга өсімдігін (*clitoria ternatea*, индиго) ұстатып тұрып, ұлының, әйелінің, брахманның көзінше ант-су ішкізу; 2) таразыға тарту, отқа салу, суға тастау, у беру, қасиетті су ішкізу, күріш дәнін шайнату, монета мен соқаны қыздырып басу және жеребе таңдату арқылы сынақтан өткізу» [23, 351]. Мәселенің тым күрделеніп бара жатқанын аңғарған Душтабуддхи құдайға құлшылық жоралғысымен жасалатын сынақтан жалтарып, өз ниетін іске асыруға бекінеді.

Үш нұсқада да ақша ұрлаған адамның өз әкесін куәлікке тарту жолы бірдей. Ұрының әкесі бүгін түнде түбіне ақша көмілген жуан ағаштың қуысына тереңірек кіріп, жайғасып отыруы шарт. Ертеңіне қазы келіп, төрелік сұрағанда ол ағаш болып тіл қатуы керек. Жігіттің әкесі мұның аяғы жақсылыққа апармайтынын сезіп, оңайлықпен көне қоймайды. Әке мен баланың арасында ар-ұят мәселесі сарапқа салынады. «Панчатантра» мен «Кәлила мен Димнада» әкесі баласын райынан қайтарғысы кеп ежелгі тәмсілдің бірі баяндайды. Сол «Панчатантрадағы» әдеби ескерткіштердің құрақталу тәсілімен өрнектелген көкқұтан, қара жылан және шаян хикаясының тағылымы мол. Бұл – ойланбай істелген қадамның опық жегізетінін еске салатын әңгіме. «Орман маңындағы бір інжір ағашын бір топ көкқұтан мекен етіпті. Сол ағаштың қуысында жататын қара жылан көкқұтандардың балапандарын қарақанаттанбай тұрып жеп кететін көрінеді. Бір күні балапандары жыланға жем бола берген көкқұтанның бірі тірліктен әбден қажып, тоған жағалауына кеп, салы суға кетіп, жылап тұрыпты. Оның осы қалпын көрген бір шаян: «Неге жылайсың?» деп сұрапты. Көкқұтан: «Енді қайтпекпін? Мен бір бақытсыз құс болдым. Ағаш қуысын паналаған жылан менің балапандарымды да, ағайындарымның ұрпақтарын да шетінен жалмап келеді. Міне, қайғы басып, қамығып, соған жылап тұрмын. Сол жексұрынды құртудың жолы бар ма, маған соны айтшы» дейді. Енді шаян ойланды: «Бұл – тумысынан біздің әулетіміздің қас жауы. Мен бұған бір жағынан пайдалы, екінші жағынан қалған көкқұтандарды қырып салуға септігі тиетін кеңес берейін» [22, 124]. Көкқұтан шаянның кеңесі бойынша

ихневмонның інінен жылан жатқан қуысқа дейін балықтың кеспесін тастайды. «Панчатантраның» соңындағы түсініктемеге сүйенсек, ихневмон – жыланның уы дарымайтын, үнді елінде атжалман мен тышқан аулау үшін қолға үйретілетін кішкентай жануар [23, 351]. Әлгі ихневмон сол жолмен жылжып, алдымен жыланды өлтіріп, сосын осы маңайды мекендейтін көкқұтанның бәрін жеп қояды. Бәрібір Папабуддхи (Душтабуддхи) әкесінің бұл әңгімесін қаперіне алмай, оны түнде ағаш қуысына апарып отырғызыпты. Ал «Кәлила мен Димнада» әкесі ұлына отпен ойнап жүргенін ескертіп, шалшықты мекендейтін үйректің хикаясын айтып береді. Оқиға желісінде көп өзгеріс байқалмады. Бұл сюжеттегі үйрек үнді әдеби ескерткішіндегі көкқұтанды алмастырады. Сондай-ақ «Панчатантрадағы» жылан мен шаян өзгермейді де, ихневмонның орнына аққұлақ тышқан алынған. Шаянның ақыл-кеңесі бойынша аққұлақ тышқанның інінен жыланның ініне дейін төселген балықтың арқасында үйрек жауынан құтылады. Бір күні балықтың дәмін алған аққұлақ сол маңайды торуылдап жүріп, үйректі балапандарымен қосып жеп кетеді [21, 124]. Бұл нұсқада үнді әдеби ескерткішіндегі көкқұтан секілді үйректің алдын-ала қулық ойлағаны туралы айтылмады. Әкесінің тағылымды тәмсіл айтып, бұл істің қатерлі екенін ескерткеніне қарамастан, ұлы алған бетінен қайтпайды. Оны «оп-оңай шаруа ғой» деп куәлікке тартып, ағаштың қуысына жасырады.

Майлықожа сюжеттің осы тұсын айна-қатесіз қайталамайды. Мәселен, қудың әкесі куәліктен бас тарту үшін баласына біраз қыл-кеңес айтып көреді. Бірақ бұл кеңес алдыңғы нұсқалардағыдай арнайы тәмсіл немесе шағын сюжет түрінде емес, жалпылама ескертпе ретінде баяндалады:

Атасы айтты «бұл дүние сіңерлік-ті,
Е, балам қулық қылған бекерлік-ті.
Ешбірінің қарыны тойған емес,
Қылысқан көп адам мекерлікті.
Қулықты талай адам қылған көптеп,
Байымас кісі ақысын алған ептеп.
Мекерлік бұл дүниеде әркім қылған,
Ешбірі сірә екі болған емес» [1, 495].

Майлықожа перзентін жаманатқа қимаған әкенің, дүниеге бола жақынын жамандыққа итермелейтін арамза ұлдың портретін кейіптеп, кейіпкерлерінің мінез-құлқын қазақ топырағына үйлестіреді. Ол бастапқы сюжеттердің желісін көзсіз көшірмейді. Ар соты алдындағы екеудің тартысын жыр тілімен жеткізіп, шарасыз әкенің («Атасы айтты «әр істі көрген көзім», Баласы жақтырмады мұндай сөзін»), безбүйрек баланың («Е, ата, ақылың жоқ, сен надансың, Дұрыс емес мұндайлық қате сөзің») болмысын танытады. Ақын ұлының әкесін азғыруын қазақы мінезге бейімдеп, шебер бейнелейді. Пейілі бұзылған перзенттің ең жақын адамын тығырыққа тіреп («Ұзатып «бұл сөзіңді көп созба деп, Ағаштың кеуегіне кіргенің еп»), жан қинамай оңай олжа табуға шақырып

(«Амалменен бірталай зер алармыз, Бұл істің еңбегі аз, пайдасы көп»), өзге жол қалдырмай, дегеніне көндіруі («Мал үшін, баласының көңілі үшін, Ақыры айтқан сөзін мақұл көрді») Майлықожа мысалында шынайы көрініс тапқан. Көне үнді дәуірінен келе жатқан сюжетті ақын қазақ өлеңінің қалыбына салып жырлады. Жақсылық пен жамандықтың, арлылық пен азғындықтың, тақуалық пен тексіздіктің тайталасын психологиялық тартыс ыңғайында суреттейді. Ақыры басқа нұсқалардағыдай, жақсылық жамандықтан жеңіліп, кейінгі ұрпақ алдыңғы буыннан зор шығып, әкесі баласының айтқанын тыңдауға мәжбүр болады:

Ұлының көңілі үшін жұмысына,
Көңіл қойды мекерлік қылысына.
Қу баласы жер кеулеп түнде апарып,
Ағаштың салып қойды қуысына [1, 496].

«Панчатантраның» кейіпкері Дхармабуддхи қазылармен бірге шами ағашына келіп, «Екеуміздің қайсымыз ұрымыз?» деп айқайлап тұрып сұрайды. Ағаштың түбінде отырған Папабуддхидің (Душтабуддхи) әкесі «Қазынаны Дхармабуддхи алды» деп жауап береді. Бұған таңданған жұрт кінәлі бейбаққа қандай жаза қолданамыз деп ойласып жатқанда Дхармабуддхи шами ағашының қуысына тез жанатын зат қойып, от тұтатады. От жалыны лаулай бастаған кезде денесін күйік шалған Папабуддхидің әкесі көзі ұясынан шығып, ойбай салып, сыртқа аттандап ата жөнеледі. Осының бәрі баласының айтқанымен болған іс екенін айтып, ағынан жарылады. Сол жерге жиылған сарай қызметшілері шами ағашының бұтағына жіп байлап, Душтабуддхиді дарға асып, Дхармабуддхидің адалдығына тәнті болып, құрметке бөлейді [22, 124].

Бұл тәмсілде шами ағашы бекерден-бекер алынып отырған жоқ. Үндістердің діни сенімі бойынша, бұл ағаштың, яғни шамидің (самі, просоріс спісігера немесе тімоса сума) өзегінде от жанып тұрады. Сондықтан дауды шами ағашына от қою арқылы шешудің астарында да өзіндік түйін-тұжырым бар екені анық.

Үнді топырағынан нәр алған әдеби ескерткіштерде адамдар арасында дау туындаған кезде ағашты куәлікке тарту үрдісі кездеспей қалмайды. Мысалы, әлемді шарлаған «Тотынаманың» алтыншы түніндегі «Софы, ағаш ұстасы, зергер, тігінші, олардың ағаштан жасалған қыз бейнесіне ғашық болып таласқаны, қазі-дарақ билігі жайындағы әңгіменің» кейіпкерлері ұзақ дауласып, ақыры шаһар сыртында өсіп тұрған ағашқа келіп жүгінеді [24, 56], [25, 61]. Орыс жазушысы О. Сенковскийдің дәл осы тақырыпқа жазылған «Деревянная красавица» деген шығармасы бар [26, 236-242]. Бұл нұсқаларда «қазі-дарақ» өз діңін ашып, қызды тартып алып, «әр зат түбінде өз тегіне қосылады» деген қағиданы алға тартады. Ағаштың адамдарға төрелік ету тәсілі үндінің ежелгі үрдістерінен тамыр тартатын терең философиялық

тұжырымдарға негізделген.

«Кәлила мен Димнада» сауалды «Панчатантрадағыдай» жапа шегуші емес, ағаш басына төрт куәні ертіп келген қазының өзі қояды: «Мына кісінің айтып отырғаны дұрыс па? Сенің түбіңнен қазып алған ортақ қаражатты оның жолдасының алғаны рас па?». «Ант етуге бармын, алғаны рас». Адамның даусын естіген қазы бір шикілік бар екенін біле қояды. Бұл нұсқада қазының әрекеті көбірек суреттеледі. Ол алдымен төңіректі шолып шығып, ағаштың үлкен қуысы бар екенін байқайды. Бірақ шал тым тереңге жасырынғандықтан, ешнәрсе аңғарыла қоймайды. Қазы қызметшілеріне құрғақ шөп жинап, оны ағаштың айналасына қойып, өрт салуға тәртіп береді. Айқайлап, жұртты көмекке шақырған ақсақал әбден масқара болады. Қазы алаяққа дүре соқтырып, әкесін есекке теріс мінгізіп, қала жұртына көрсетіп, бүкіл ел алдында әшкерелейді. Ал ақшаны қайырымды көпеске бергізеді [21, 124-125].

Майлықожа өзінің «Аңқау мен қу» мысалында сюжеттің осы тұсын ширықтырып, өзгеше өң береді. Қазының сауалына сай жауап қайтарған екеудің жан-дүниесін көркем сөзбен кестелеп танытады. Өздерінің іс-әрекетін шағын монолог түрінде өздеріне айтқызады. Жапа шеккен аңқау мен жала жапқан қудың тартысын кейіпкерлердің ағынан жарылған әңгімесі арқылы шешу жолын таңдайды. Қудың айтқаны ақшасын ұрлатып, қиналып жүрген адамның емес, көңілі тоқ кісінің сөзі болып шығады. Майлықожа оны сипатын «Қу адам сөз сөйлейді шешенсініп, «Алып сатар өнерім делдалшылық. Жазықысы өнерім ауқат қылған, Жүремін делдалшылық бұ іс қылып» деп танытады. Керісінше аңқаудың сөзі күнкөрісін әзер тауып жүрген («Аңқау айтты құр жанмын мен бір пенде, Даладан таба алмаймын бір қу ине»), алдағы күннен үміті бар әрі қанағаты мол («Ошақтың үш бұтынан бер тәңірі деп, Отырамын қарынымды тоқтап үйде»), бақ-несібені Алладан ғана сұрайтын («Бар өнерім – намазым бес уақытым, Өзге өнер қылмасқа келмес шақтым») адал адам екені анық аңғарылады. Ақын адам психологиясын көрсету арқылы қазы шешімінің алғы шарттарын байқата бастайды. Ағаш басындағы төреліктің өлеңмен өрілген финалы былайша түйінделеді:

Бұл сөзі айтып ағашқа құлақ салды,
Дауыс шықты ағаштан: «аңқау алды».
Көп ақылды, білімді қазы еді,
Ағашта адам барын біле қалды.
Өкім қылды «ағашты өрте» деді,
От қойған соң ол шынар өртенеді.
Ойбай салып, ішінде біреу жатыр,
Ағашта адам барын біле қалды [1, 496].

Әрі қарайғы оқиға желісінің басқа нұсқалардан айырмашылығы жоқ. Тек Майлықожаның поэзиялық шығармасының образдары шебер кейіптелген. Баласының айтқанына көніп, абыройсыз іске бекінген әкенің пұшайман күйі

(«Алақандай құйқасы пісіп қалды, Есі кетіп зәресі ұшып қалды»), оқиғаны көзімен көргендердің әрекеті («Жиылған жұрт сол арада күліп-күліп, жанған оттан сөндіріп алды мұны»), от ішінен қашып шыққан қартаң кісінің өз айыбын мойындап, ақиқатты ақтаруы («Балам салды ағашқа кеулеп жерді, Алалық, – деп, – иламен мұнша зерді»), жала жабушының ел-жұртқа масқара болуы («Қулық қылған шерменде болып қалды, Бұл шаһарға мүттәйім қу атанды») қазақ болмысына бейімделіп суреттеледі. Жасаған қиянаты барлық нұсқада бірдей болса да, Майлықожаның кейіпкерлері «Панчатантрадағыдай» дарға асылмайды, «Кәлила мен Димнадағыдай» дүре соғу арқылы жазаланбайды немесе қара есекке теріс мініп, шаһардың ішін аралап шықпайды. Қазы кешірімшілдік көрсетіп, мәселені хақ жолымен шешіп, («Растықтың хақында Құдай жақ боп...»), адал адамға ақшасын өндіріп берумен («Со тілләнің бәрін де аңқау алды») шектеледі. Ақын «Бүгежектеп делдалдық қыла алмады, Төңіректің бәріне күлкі болды» деп түйіндеп, ел-жұрттың мазағына ұшыраудың өзін жазаның ең пәрмендісі деп біледі. «Аңқау мен құдың» соңындағы түйін-тұжырымды бұл шығарманың идеясы, тәрбиелік тұғырынамасы деп түсінгеніміз абзал:

Қу ағаштың басына жапырақ қонбас,
Қулықпенен еш адам сірә оңбас.
Ылажсыздан дұшпанға істетпесең,
Мекерліктің ұрығы ексе болмас.
Еш адам байымайды ұрлықпенен,
Момын адам байиды шындықпенен.
Басы жақсы болса да түбі жаман,
Білсең де жолдас болма сұмдықпенен [1, 497].

Бұл мысалдың байлам-байыптамасы қазақ халқының «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген кешірімшілдік қағидасымен астасып жатыр. Тентек пен теліні де сыртқа теппей, ақсақалдардың талқысына салып түзейтін дала заңына негізделген Майлықожа туындысының мән-маңызын осы тұрғыдан қарастырған жөн.

Нәтижелер. Енді мақаламызға арқау болған Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен қу» мысалының мазмұндық-стильдік жағынан «Панчатантра» мен «Кәлила мен Димнаның» сюжетінен несімен ерекшеленетініне тоқталайық.

«Үнді әдебиеттерінен араб нұсқаларының көмегі арқылы жекелеген шығармалардың әдеби және ауызша тарату жолымен ауысу мүмкіндігі бар екенін» [27, 351] атап өткен А.Веселовский тұжырымына жүгінсек, Майлықожа туындысы соның нақты мысалы бола алады. Қазақ ақыны өз шығармасында ежелгі сюжетті үнді және араб дәстүрінің ықпалынан арылтып, ұлттың салт-санасына бейімдеп, нәзирашылдық жолмен жаңа көркем дүние жырлап шықты.

Тағы бір айта кететін мәселе, Майлықожа жазбаша дәстүрге бейім болғанымен, оның авторлық ауызша поэзияның өкілі екенін ұмытпауымыз керек. Оның үстіне өз қолымен толтырған қолжазбалары көп сақтала қоймаған соң негізі зерттеуге өзек болған «Аңқау мен қу» мысалы да жұрт жадында жатталған дүниенің бірі екеніне дау жоқ. Бұл мысалдың мәтінін қайта-қайта саралай келе, «Аңқау мен қу» авторлық ауызша поэзияның жемісі деп топшылауға болады.

Сондай-ақ, Майлықожа өз шығармасында ойлы образдар, бедерлі бейнелер жасап, туындысына өзгеше сипат берді. Тіпті кей тұста мысалдың көркемдік деңгейі өзіне негіз болған әдеби ескерткіштерден асып түскендей әсер қалдырады.

Сонымен қатар, Майлықожа түрлі ахуал жағдайындағы мінез-құлық өзгерістерін, адам психологиясының түрленістерін шынайылықпен суреттейді. Кейіпкерлері аса көп болмаса да, адамдар арасындағы тартысты барынша ширықтырып, тыңдаушысын еліктіреді. Шығармасының кульминациясы, оқиғасының түйін-тұжырымы көркемдік критерийлермен берік сабақтасып жатады.

Осының нәтижесінде түп тамыры арғы дәуірдің белестерінде, тым тереңде жатқан «Аңқау мен қу» мысалы үнді сюжетінің сілемі секілді емес, қазақ топырағында туған төл шығарма тәрізді санамызға сіңгені анық.

Қорытынды. Мақаламызды түйіндей келе мынадай тұжырымдарға табан тірегенді жөн көрдік.

Біріншіден, қазақ поэзиясының алыбы Майлықожа Сұлтанқожаұлы шығыс әдебиетінің үлгілерімен жете таныс болған. Ол үнді, араб, парсы елдерінен бастау алып, Орталық Азияға жеткен әдеби жәдігерліктерді жақсы білген. Бұл мысалдан жоғарыда аталған шығармалардан басқа да туындылардың ықпалы байқалып қалады.

Екіншіден, көне дәуір құндылықтары негізінде бірнеше шығарманы жырлап шыққан Майлықожаның бұл тәсілге әбден төселгені байқалады. Кейіпкерлер тартысы, мінездер қақтығысы, адами қатынастар мәселесі мысалда жоғары деңгейде көрініс тапқан. Ол шығарманы бірден өзге әдебиет ықпалынан барынша оқшаулап алу қағидасын ұстанады.

Үшіншіден, «Аңқау мен қудың» жазба әдебиеттің жемісі емес, жұрт қаумалап, алқа-қотан отырғанда жырланған шығарма болу мүмкіндігі басымдау деп ойлаймыз. Сөз қайталаудың көптігі, ауыз екі сөз үлгісіндегі толғамдардың жиі кездесетіні, жалпы, жыршылық дәстүрдің сипатына жақындығы осындай ойға жетелейді.

Төртіншіден, Майлықожа мысалының көркемдік деңгейі, эстетикалық әсері, тартымдылық табиғаты ешқандай дау тудырмайды. Қазақ әдебиетінің нәзирашылдық үлгімен жырланған шоқтығы биік шығармасы ретінде бағалана беретіні анық.

Қорыта келе айтарымыз, Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен қу» мысалы – тағылымды тәмсілден тәрбиелік мәні зор толғауға айналған, тарихи тамыры терең, көркемдік кестесі келісті қастерлі құндылықтарымыздың бірі. Бұл туынды, сонымен қатар, біздің өзге халықтармен рухани және мәдени байланыстарымыздың бастауы тым әріде жатқанын айғақтай түседі.

Әдебиеттер

1. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 192 б.
2. Майлықожа. Шығармалар (Құрастырған Ә.Оспанұлы). – Алматы: «Атамұра», 2005. – 864 б.
3. Шукасапрати (Перевод с санскрита М.Ширяева). Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 129 с.
4. Тотының тоқсан тарауы (Шукасапрати). (Аударған Ғайса Сармурзин). – Алматы: «Жазушы», 1970. – 200 б.
5. Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди. Синдбад-наме (Перевод с персидского М.Османо́ва). – Москва: Изд. Восточной литературы, 1960. – 314 с.
6. Сайид Хайдар Бахш Хайдари. Сказки попугая (Тота Кахани) (Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой). – Москва – Ленинград: «Academia», 1933. – 252 с.
7. Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар) (Перевод с персидского М.Османо́ва). – Москва: «Наука», 1985. – 400 с.
8. Хитопадеша или полезные советы. – Москва: «Детская литература», 1958. – 160 с.
9. Жизнь Викрами или 32 истории царского трона (Перевод с санскрита П.Гринцера). – Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 240 с.
10. Тридцать две новеллы о монахах (Перевод с санскрита И. Серебрякова). – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – 104 с.
11. Двадцать пять рассказов Веталы (Перевод с санскрита И. Серебрякова). – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1958. – 150 с.
12. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: «Аударма», 2002. – 584 б.
13. Әбжет Б. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. – Түркістан: «Тұран», 2008. – 278 б.
14. Ергөбек Қ. Ергөбек С. Қазақ дәстүрлі жазба әдебиеті және кітаби ақындар шығармашылығы (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басы). «Түркістан» жинағы, 7-том. – Түркістан: Қазақ-түрік университеті, 2003. – 451 б.
15. Жаппарқұлова А. Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылық мұрасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін

дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 112 б.

16. Gulnaz A. Talipova, Fleur F. Gilemshin, Fanzilya H. Zavgarova and Alsou D. Battalova, 2015. Motives of Islamic Culture in Tatar Folk Tales. The Social Sciences, 10: 2081-2084. DOI: [10.36478/sscience.2015.2081.2084](https://doi.org/10.36478/sscience.2015.2081.2084).

17. Akhmedova, Z. J. (2021). The issue of the influence of “One thousand and one nights” on Turkic folklore. ISJ Theoretical & Applied Science, 11 (103), 836-840. (Scopus, Thomson Reuters)

18. Омаров Б. Қазақ ертегілері мен үнді әдеби ескерткіштеріндегі «көшпелі сюжеттер». Turkic Studies Journal, Нұр-Сұлтан, № 1, Vol. 4, 2022 // 58-69 б. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-58-69>

19. Омаров Б. Әсет Найманбаев шығармашылығы: шығыс дәстүрі және көшпелі сюжеттер. «Керуен», Алматы, № 4 (77), 2022 // 27-39 б. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-02>

20. Омаров Б. Ежелгі үнді сюжетінің Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Тотынама» мысалында трансформациялануы. ЕҰУ хабаршысы, Астана, № 1 (142), 2023 // 177-191 б. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-177-191>

21. Ибн ал-Мукаффа. Калила и Димна (Перевод с арабского Ш.Шидфар). – Москва: «Художественная литература», 1986. – 304 стр.

22. Панчатантра (Перевод с санскрита А.Сыркина). – Москва: Издательство АН СССР, 1958. – 376 с.

23. Сыркин А. Примечания // Панчатантра (Перевод с санскрита А.Сыркина). – Москва: Издательство АН СССР, 1958. – 376 с.

24. Зияаддин Нахшаби. Тотынама. – Алматы: Жазушы, 1991. – 304 б.

25. Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). – Москва: Наука, 1979. – 350 с.

26. Сенковский О. Деревянная красавица // Собрание сочинений Сенковского (Барона Брамбеуса) Т. 1. – Санкт-Петербург: Типография Имперской Академии наук, 1858. – 655 с.

27. Веселовский А. Историческая поэтика. – Ленинград: Государственное издательство «Художественное литература», 1940. – 650 с.

Б.Ж. ОМАРОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

«ПАНЧАТАНТРА», «КАЛИЛА И ДИМНА» И КАЗАХСКАЯ БАСНЯ: СЮЖЕТ И ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аннотация. Данная статья посвящена определению общности сюжетной линии басни известного представителя казахской поэзии Майлықожи Султанқожаұлы «Аңқау мен қу» («Простак и хитрец») с сюжетами

«Панчатантра» и «Калила и Димна». Анализируются пути развития сюжета, зародившегося сначала в древнеиндийском литературном памятнике «Панчатантра», затем перекочевавшего в литературный памятник арабского мира «Калила и Димна», позже распространившегося в странах Азии, в том числе адаптированных в творчестве мастеров слова Центральной Азии.

Автор статьи уделяет особое внимание освещению мастерства творческой импровизации Майлыкожи, исполнявшему собственные дастаны и басни, основой которых являлись восточные предания. Эти авторские интерпретации являются сегодня неотъемлемой частью сокровищницы казахской литературы. В статье анализируются художественные приёмы преобразования корневого сюжета, использовавшиеся акыном в процессе исполнения произведения в виде басни. Научному анализу также были подвергнуты особенности преобразования восточной притчи, адаптированной в казахской культуре.

На примере басни Майлыкожи «Аңқау мен қу» («Простак и хитрец») показана поэтическая трансформация сюжета, берущего своё начало в древнейшие времена. В статье также анализируются художественное своеобразие произведения, конфликт героев, система образов.

В данной работе всесторонне рассматривается уходящая своими корнями в «Панчатантру» и «Калилу и Димну» басня Майлыкожи как проявление глубоких исторических связей казахской литературы.

Ключевые слова. сюжет, басня, персонаж, притча, жырлау (воспевание в поэтической форме), литературный памятник, преобразование, трансформация.

B.ZH. OMAROV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**«PANCHATANTRA», «KALILA AND DIMNA» AND THE KAZAKH EXAMPLE:
PLOT AND TRANSFORMATION**

Abstract. The current work considers the issues of defining the storyline of the example of the most prominent representative of Kazakh poetry Maylikozha Sultankozhauy «Anqau men Qu» and the plot of «Panchatantra» and «Kalila and Dimna». The ancient Indian literary monument – «Panchatantra» is first reflected, from which the literary relic of the Arab world is transferred to «Kalila and Dimna», the analysis of the plot development, which spread to Asian countries, including the work of the Masters of the word of Central Asia, is carried out.

The author emphasizes the fact that Mailikozha, who sang several examples and sagas based on Eastern legends and added them to the treasury of our literature, showed the skill of creating a new work on the basis of an ancient plot. It is important to consider the artistic techniques the poet used in the process of singing

in the form of an example using the final plot. The features of the transformation of fable adapted to the Kazakh land are scientifically analyzed.

In the process of analyzing «Anqau men Qu» attention was paid to the demonstration of the poetic transformation of the plot, which continued from ancient times. The artistic level of the work, character conflicts, and the system of images were also analyzed.

The current work consiers the example of Maylikozha, which is rooted in «Panchatantra» and «Kalila and Dimna», was considered in detail as a reflection of the deep historical ties of Kazakh literature.

Keywords. Plot. Example. Character. Fable. Zhyrlau (praise in song). Literary monument. Vary. Transformation.

References

1. Ospanūly Ä. Qaratau şaiyrlary. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1991. – 192 b.
2. Mailyqoja. Şyğarmalar (Qūrastyrған Ä.Ospanūly). – Almaty: «Atamūra», 2005. – 864 b.
3. Şukasaptati (Perevod s sanskrita M.Şiräeva). – Moskva: İzdatelstvo Vostochnoi literatury, 1960. – 129 s.
4. Totynyñ toqsan tarauy (Şukasaptati). (Audarған Ğaisa Sarmurzin). – Almaty: «Jazuşy», 1970. – 200 b.
5. Muhammad az-Zahiri as-Samarkandi. Sindbad-name (Perevod s persidskogo M.Osmanova). – Moskva: İzd. Vostochnoi literatury, 1960. – 314 s.
6. Saiid Haidar Bahş Haidari. Skazki popugaia (Tota Kahani) (Perevod s iazyka industani (urdu) M.Knäginoi-Kondratevoi). – Moskva – Leningrad: «Academia», 1933. – 252 s.
7. İmad ibn Muhammad an-Naari. Jemchujiny besed (Javahir al-asmār) (Perevod s persidskogo M.Osmanova). – Moskva: «Nauka», 1985. – 400 s.
8. Hitopadeşa ili poleznye sovery. Moskva: «Detskaia literatura», 1958. – 160 str.
9. Jizn Vikrami ili 32 istorii sarskogo trona (Perevod s sanskrita P.Grinsera). – Moskva: İzdatelstvo Vostochnoi literatury, 1960. – 240 s.
10. Tridsät dve novely o monahah (Perevod s sanskrita İ.Serebräkova). – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury, 1962. – 104 s.
11. Dvadsät päť rasskazov Vetaly (Perevod s sanskrita İ.Serebräkova). – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury, 1958. – 150 s.
12. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylğy zertteuler. – Astana: «Audarma», 2002. – 584 b.
13. Äbjet B. Türki jäne iran halyqtary ertegilerindeğı mifologialyq keipkerler. –Türkistan: «Tūran», 2008. – 278 b.
14. Ergöbek Q. Ergöbek S. Qazaq дәstürlı jazba әdebieti jäne kıtabi aqyndar şyğarmaşylyğy (НИИ ğ. екінші jartysy мен НИИ ğ. basy). «Türkistan» jınağy, 7-tom. –

Türkistan: Qazaq-türik universiteti, 2003. – 451 b.

15. Japparqulova A. Mailyqoja Sultanojaulynyñ syğarmaşylyq mürasy. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертация. – Almaty, 2010. – 112 b.

16. Gulnaz A. Talipova, Fleur F. Gilemshin, Fanzilya H. Zavgarova and Alsou D. Battalova, 2015. Motives of Islamic Culture in Tatar Folk Tales. The Social Sciences, 10: 2081-2084. (Scopus)

17. Akhmedova, Z. J. (2021). The issue of the influence of “One thousand and one nights” on Turkic folklore. ISJ Theoretical & Applied Science, 11 (103), 836-840. (Scopus, Thomson Reuters)

18. Omarov B. Qazaq ertegileri men ündi әдеби eskertkisterindegi «köşpelі süjetter». Turkic Studies Journal, Nür-Sultan, № 1, Vol. 4, 2022 // 58-69 better.

19. Omarov B. Äset Naimanbaev syğarmaşylygy: syğys дәstürі және köşpelі süjetter. «Keruen», Almaty, № 4 (77), 2022 // 27-39 better.

20. Omarov B. Ejelgi ündi süjetiniñ Mailyqoja Sultanojaulynyñ «Totynama» mysalynda transformasialanuy. EÜU habarşysy, Astana, № 1 (142), 2023 // 177-191.

21. İbn al-Mukaffa. Kalila i Dimna (Perevod s arabskogo Ş.Şidfar). Moskva: «Hudojestvennaia literatura», 1986. – 304 s.

22. Panchatantra (Perevod s sanskrita A.Syrkina). – Moskva: İzdatelstvo AN SSSR, 1958. – 376 s.

23. Syrkin A. Primechenia // Panchatantra (Perevod s sanskrita A. Syrkina). – Moskva: İzdatelstvo AN SSSR, 1958. – 376 s.

24. Ziaaddin Nahşabi. Totynama. – Almaty: Jazuşy, 1991. – 304 b.

25. Zia ad-Din Nahşabi. Kniga popugaia (Tuti-name). – Moskva: Nauka, 1979. – 350 s.

26. Senkovski O. Derevänaia krasavisa // Sobranie sochineni Senkovskogo (Barona Brambeusa) T. 1. – Sankt-Peterburg: Tipografia İmperskoi Akademii nauk, 1858. – 655 s.

27. Veselovski A. İstoricheskaia poetika. – Leningrad: Gosudarstvennoe izdatelstvo «Hudojestvennoe literatura», 1940. – 650 s.

Автор туралы мәлімет:

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Omarov Bauyrzhan Zhumakhanuly – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.